

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 тамыздағы N 842 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 544 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-күжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне , лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиялардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 3-жолдың 3-бағаны:

"байланысты теңіз" деген сөздерден кейін "және өзен" деген сөздермен толықтырылсын;

"теңіз кемелеріне" деген сөздер "кемелерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Санитарлық, экологиялық және тау-кен техникалық қадағалау органдарының, сондай-ақ мемәнергияқадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімінде:

"Санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімі" деген I бөлімде:

25-1-тармақта:

"байланысты теңіз" деген сөздерден кейін "және өзен" деген сөздермен толықтырылсын;

"Теңіз кемелеріне" деген сөздер "Кемелерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензиялайтын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген II бөлімде:

21-1-тармақта:

"байланысты теңіз" деген сөздерден кейін "және өзен" деген сөздермен толықтырылсын;

"Теңіз кемелеріне" деген сөздер "Кемелерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) күші жойылды

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.19. N 610 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) "Қазақстан Республикасында көліктегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 шілдедегі N 794 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 22, 243-құжат):

1-тармақтың 2) тармақшасында:

"байланысты теңіз" деген сөздерден кейін "және өзен" деген сөздермен толықтырылсын;

"теңіз кемелеріне" деген сөздер "кемелерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Теңіз кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты теңіз порттарының қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарында:

тақырыбында:

"байланысты теңіз" деген сөздерден кейін "және өзен" деген сөздермен толықтырылсын;

"Теңіз кемелеріне" деген сөздер "Кемелерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацта:

"байланысты теңіз" деген сөздерден кейін "және өзен" деген сөздермен толықтырылсын;

"Теңіз кемелеріне" деген сөздер "Кемелерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

"теңіз портының" деген сөздер "теңіз және өзен порттарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"теңіз кемелері" деген сөздер "кемелерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "теңіз портында" деген сөздер "теңіз және өзен порттарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы